

2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 29 маусымдағы № 71 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 маусымда № 9298 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Науырзым ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Науырзым ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Науырзым ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Науырзым ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Науырзым ауданының әкімі

Т. Карбозов

Әкімдіктің

2020 жылғы 29 маусымдағы

№ 71 қаулысына

қосымша

2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

№ р/с	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	Мектепке дейінгі тәрбие	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ата-ананың бір
			Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	Б і р тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың	

	ұйымдарының әкімшілік-аумақ тық орналасуы	мен оқыту ұйымдарының атауы	ұйымдарының тәрбиеленушіле р саны	бір айдағы орташа құны (теңге)	айдағы төлемақы мөлшері (теңге)
1	Қараменді ауылы	"Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Балдырған" бөбекжай-бақша сы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	115	36304	3 жасқа дейін – 7000, 3 жастан бастап - 8000
2	Дәмді ауылы	"Науырзым ауданы Дәмді ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Айгөлек бөбекжай-бақша сы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	25	37742	3 жасқа дейін – 4000, 3 жастан бастап - 5000
3	Буревестник ауылы	"Науырзым ауданы Буревестник ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Нұрбөбек" бөбекжай-бақша сы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	45	32945	3 жасқа дейін – 5884, 3 жастан бастап - 7561
4	Өлеңді ауылы	"Науырзым ауданы Өлеңді ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Балдәурен" бөбекжай-бақша сы" мемлекеттік коммуналдық	25	32949	3 жасқа дейін – 4000,

		қазыналық кәсіпорны			3 жастан бастап - 5000
5	Шилі ауылы	"Науырзым ауданы Шилі ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің " " Қызғалдақ" бөбекжай-бақша сы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	25	40405	3 жастан бастап - 4000
6	Қараменді ауылы	"Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің " " Балапан" Бөбекжай-бақша с ы " коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	55	57982	3 жасқа дейін – 7000, 3 жастан бастап - 8000